

Әмірқұлова Ж.А.¹, Рыскиева А.Ә.², Құранбек Ә.А.³

¹доцент, филос.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zh.amirkulova@gmail.com

²филос.ғ.к., І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті шетел тілдері
және аударма ісі кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: abuaymjan@gmail.com

³І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің
қауымдастырылған профессоры, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: assetabaiyly2017@gmail.com

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ РУХАНИ БАСТАУЛАРЫ

Халық даналығы мен мәдени-философиялық танымын танытатын фольклорлық туындылар қазақ философиясы мен мәдениеттануын зерттеудің негізгі қайнар бастауларының бірі. Қазақ фольклорында халқымыздың тағдыр-талайы, өмір мәні, мақсат-мұраттары, ойлау жүйесі көрініс тапқан. Сол арқылы ұлттық дүниетанымның бітім-болмысын зерделеуге болады. Фольклордағы философиялық ой кешу үрдістерінде ұлттық мәдениеттің рухани мазмұны байыпталған, соның арнасында мәдени-философиялық және ғылыми ой-тұжырымдарды жасауға да әдіснамалық негіз бола алады. Осы тұрғыдан алып қарағанда да мақаланың қаншалықты өзекті проблемалардың біріне арналғанына күмән келтіре алмаймыз.

Талай қоғамдық, әлеуметтік құбылыстарды басынан өткерген қазақ халқының көнеден келе жатқан өзіне тән ойлау жүйесі, әдет-ғұрпы, дүниетанымы барлығын айғақтайтын фольклорлық мәдени мұралары халықтың рухани қазына тірегі болары анық. Мақаланың өзектілігі фольклордағы философиялық идеялардың маңыздылығын айқындау мен оны теориялық негіздеуде де көрініс тапқан. Осыған орай фольклордағы философиялық толғаныстың тереңдігін негізге алсақ, халық шығармашылығын философиялық-дүниетанымдық тұрғыдан саралау өзекті.

Түйін сөздер: фольклор, рухани мәдениет, дәстүрлі дүниетаным, миф, этнофилософия, өмір философиясы, этика, эстетика.

Amirkulova Zh.A.¹, Ryskieva A.A.², Kuranbek A.A.³

¹Associate Professor of al-Farabi Kazakh national university, Candidate of Philosophy.s.,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: zh.amirkulova@gmail.com

²Head of the Department of Foreign Languages and translation of Zhetysu State University named after
I.Zhansugurov, Candidate of Philosophy.s., Kazakhstan, Almaty, e-mail: abuaymjan@gmail.com

³Associate Professor of Zhetysu State University named after I. Zhansugurov, Candidate of Philosophy.s.,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: assetabaiyly2017@gmail.com

Spiritual Origin of Kazakh Folklore

One of the main sources of research of the Kazakh philosophy and cultural studies is the study of folklore as the basis of folk wisdom and the form of cultural and philosophical knowledge. The Kazakh folklore reflects the life, the meaning of existence, the purposes and nation mindset, the world outlook of the people is revealed. Philosophical problems that contained in folklore, help to know the spiritual content of national culture and are the methodological basis for cultural, philosophical and scientific conclusions. Accordingly, we can affirm the relevance of this article.

The worldview of the people is determined by the degree of development of its spirituality. The spiritual heritage of the people includes “folk wisdom”, reflected in folklore. The relevance of the article is to identify the importance of philosophical ideas in folklore and in their theoretical justification. In this regard, in the studies of folklore, taking into account the depth of philosophical thoughts, the most important is the philosophical and ideological analysis of folk art.

Key words: folklore, spiritual culture, traditional worldview, myth, ethnophilosophy, philosophy of life, ethics, aesthetics.

Амиркулова Дж.А.¹, Рыскиева А.А.², Куранбек А.А.³

¹доцент, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, к.филос.н.,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: zh.amirkulova@gmail.com

²заведующая кафедрой иностранных языков и переводческого дела
Жетысуского государственного университета имени Ильяса Жансугурова, к.филос.н.,
Казахстан, г. Талдыкорган, e-mail: abuaymjan@gmail.com

³ассоциированный профессор Жетысуского государственного университета имени
Ильяса Жансугурова, к.филос.н., Казахстан, г. Талдыкорган,
e-mail: assetabaiyly2017@gmail.com

Духовные истоки казахского фольклора

Одним из главных источников исследования казахской философии и культурологии является изучение фольклора как основы народной мудрости и формы культурно-философского познания. В казахском фольклоре отражаются жизнь, смысл существования, цели и мышление нации, раскрывается мировоззрение народа. Философские проблемы, содержащиеся в фольклоре, помогают познавать духовное содержание национальной культуры и являются методологической основой для культурно-философских и научных выводов. Исходя из этого, можно утверждать очевидную актуальность данной статьи.

Мировоззрение народа определяется степенью развития его духовности. К духовному наследию народа относится «народная мудрость», отраженная в фольклорном творчестве. Актуальность статьи заключается в выявлении значимости философских идей в фольклоре и в их теоретическом обосновании. В связи с этим в исследованиях фольклора, принимая во внимание глубину философских мыслей, наиболее важным представляется именно философско-мировоззренческий анализ народного творчества.

Ключевые слова: фольклор, духовная культура, традиционная мировоззрение, миф, этнофилософия, философия жизни, этика, эстетика.

Кіріспе

Фольклорлық туындыларда халық өзінің өмір сүру құбылыстары мен ойлау табиғатының, болмыс-бітімінің сипатын танытуымен тіршілігінің мәні мен мақсатын көрсетеді. Осыған орай фольклордағы философиялық мәселелер көрінісі халық рухани танымының ерекшелігін анықтап, оған мәдени-философиялық, ғылыми тұжырымдар жасауға методологиялық негіз болары айғақ. Қазақ халқының мәдени-философиялық таным негізін айғақтайтын фольклорлық туындылардың ерекшелік жақтары мол. Халықтың аңыз-әңгімелері, жыр-дастандары, ондағы халықтың дүниетанымы мен көзқарастарының күрделілігі арнайы зерттеулер жасап, сараптауға лайықты.

Халық өзінің өнерімен түрлі таным-түсініктер қалыптастырған. Бұл танымдық түсініктер өзінің ойлау жүйесімен сәйкес келіп, халықтың мәдени өмір тіршілігін танытудағы негізгі қуат көзі ретінде анықталады.

Мәдени мұра бағдарламасы аясында жарық көрген «Қазақ халқының философиялық мұрасы» атты кітаптың жетінші томында белгілі ғалым Ж. Молдабеков «Қазақ халқының өркениеті фольклордан, қол өнерінен, ойынауықтан, шипагерлік емнен, жұлдызнамалық болжамнан құрылады. Бұл факторлар күнде-

лікті тәжірибелік түсініктен тарихи-көркемдік сананың қалыптасуына, ұрпақтың біртұтас тарихи тамырларын танытуға ұйытқы болды» (Қазақ халқының философиялық мұрасы, 2006:25) – деп қазақ фольклорын халық рухани санасының қалыптасуына қаншалықты маңызы бар екендігін баса айтып көрсетеді.

«Көшпелі қазақ дүниетанымына аңыз әңгімелердің атқарған ықпалы түптей және тоқи келгенде, өтімді, жалпылама жиі болды» (Қазақ халқының философиялық мұрасы, 2006:25). Сондай-ақ «Көне дәуірден қалған түрлі таңба-белгілер, руналық хаттамалар, рәміздер халықтық сезімді серпілтті, рухани дамудың деңгейін көтермеледі» (Қазақ халқының философиялық мұрасы, 2006:25) деп көне дәуірден қалған халық мәдени мұраларының халық рухани дүниесіне әсерін ғылыми тұрғыда зерделеп көрсетеді. Ғалымның бұл тұжырымдамасынан қазақ фольклорын танып білу оның мәдени-философиялық арқаулары мәселесінің бүгінгі таңда қаншалықты өзекті екендігіне көз жеткіземіз.

Иә, халықтың танымдық дүниесі рухани дүние деңгейлерінің дәрежесімен анықталады. Халықтың рухани дүниесі «халық даналығы» деп аталатын фольклорлық туындылар. Фольклорлық туындылардағы философиялық ой-танымдарды жаңғырту, оған ғылыми дәйекті тұжырымдар жасау өзекті мәселе. Осыған

байланысты фольклорлық шығармалардағы философиялық ойдың тереңдігін, өзектілігін ескере отырып, халықтың ойлау табиғатына талдау жасау қажеттілігі де өзекті. Осының бәрін ескере отырып, көне дүние көзі болған фольклорлық дүниелерді қазіргі заман талабына орайластыра қарастыру тарихи-жадтық әдісті қолдануға жетелейді. Бұл әдіс методологиялық танымға сүйенуді қажет етеді, яғни тарихи-жадқа сүйену әдісі зерттеу өрісін кеңейтіп, халықтың дүниетанымдық өрісін танытуда ғылыми дәлелді анықтама жасауға көмектеседі әрі ізденісіміздің көкжиегін кеңейтеді деп ойлаймыз.

Қазақ халқының көне дүние туындыларын философиялық ойлау деңгейінде сараптау, оның рухани мұра үлгісінің дүниетанымдық түсінігінің ерекшеліктерін анықтау көзделінді. Бүкіл адамзаттың, рухани кеңістік тұтастығындағы халықтың өз орны, оның философиялық ойлау дәрежесінің тереңдігі мен қуат-қарымын анықтап сараптау да өзекті. Сондықтан да ізденісіміздің негізінде рухани мұраларымызды таныту арқылы ондағы халықтық дүниетаным мен көзқарас мәселесі жөніндегі ой-пікірімізді сабақтастыру мақсатында айтылған өзекті мәселелерді қалыптастыру объективті қажеттіліктер деген ой-түйінді тудырып отыр.

Мақаламыздың зерттеу тақырыбының өзектілігі соңғы кезде ұмытыла бастаған халықтық таным мен ойлау жүйесін қайта жаңғырту. Тәуелсіздік туын тіккен халықтың өзінің ұлттық болмысын айғақтайтын рухани дүниелеріне қайта оралуы, рухани жаңғыруы заңдылық. Осыған орай ұлттық дүниетаным негізін орнықтыратын көне дүниелер туындыларындағы халықтық таным бүгінгі күн талабы. Фольклорлық дүниелердегі халықтың ойлау мәселесі ұлттық негізді орнықтыратын қуат көзі. Осы тұрғыдан қарастырғанда көне дәуір дүниелеріне жүгінбей халықтың дүниетаным мен ойлау жүйесін қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан да халықтың өзіне тән дүниетаным мен ойлау жүйесіне өзімізді тану нысанасы ретінде ерекше мән береміз.

Әдебиеттерге шолу

Халықтың таным-түсініктерінің негізі ол ойлау жүйесінің нәтижесі қарапайым халықтың ойлау жүйесі негізінде қалыптасқан дүниетанымдық құрылымы – ол дүниені рухани игеру нәтижесіндегі өзіндік болмысын танытатын құбылыстар.

Фольклор туындыларындағы халықтың таным-түсініктер негізі: өмір, тіршілік, қоғам,

табиғат жайлы. Халық өзінің болмыстық ойлау тегінен басталып өрістейтін дүниелік таным-түсініктерін күнделікті тұрмыс-тіршілігіне лайықты қалыптастырған.

Халықтың ой-сана көріністері философиялық ойлаудың негізгі ұғымдары болып саналатын бақыттылық, батырлық, сұлулық, адамгершілік түсініктермен қалыптасып отырған. Мұның барлығы философиялық ойдың көрінісі ретінде халық арасына кең тараған аңыз-әңгіме, эпсана мен жыр, эпостарда айқын байқалады. Бұл дүниелер халықтың дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасуында ерекше орын алады. Халық шығармашылығының өзегі ретінде қалыптасып орныққан бұл дүниелер халықтың тәрбиешісі ретінде танылғанын көрсетеді. Кез келген фольклорлық туындылардың негізінен үш түрлі қасиетін саралауға болады. Ол фольклорлық таным, фольклорлық ақпарат және тәрбиелік қасиеттері.

Өмір сүру мен тіршілікті шынайы бейнелеу арқылы адам дүниесінің мәнін ұғындыру арқылы ақпараттың дерегі көрсетіледі, сонымен қатар, таным-түсінік берумен тәрбиелік қызметін де анықтайды.

Ежелгі дүниетаным туралы қарастырғанымызда тарихшылар мен өнертанушылар, тағы басқа ғалымдардың бұл мәселе төңірегінде айтылған ғылыми дәйектемелеріне де мән беруді ұмытпадық. Бұл мәселеде әсіресе әдебиетші ғалымдардың еңбектерін ескерген жөн.

Фольклортану саласында зерттеушілер қатарында отандық ғалымдар Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, С. Аманжолов, С. Қасқабасов, Ш. Ыбыраев, Р. Нұрғалиев, т.б. еңбектерінің маңызы зор.

Ал қазақ халқының фольклорлық дүниелері мен мәдениетін зерттеуде археологтар А. Бернштам, С. Киселев, Ә. Марғұлан, К. Ақышев сияқты ғалымдардың еңбектерінен толымды мағлұматтар алуға болады.

Қазақ халқының фольклорлық туындыларында тарихи танымдық, әлеуметтік, рәміздік-идеялық көркемдік ерекшеліктеріне қатысты жазылған еңбектердің барлығы белгілі. Әсіресе соңғы жылдары философиялық таным мәселесіне қатысты мазмұнды еңбектерін жариялаған ғалымдардың қатарында А. Қасымжановтың, М. Орынбековтың, А. Қасабектің, Ғарифолла Есімнің, Т. Ғабитовтың, Ғ. Ақманбетовтың, Д. Кішібековтің, Н. Байтенованың, Ж. Молдабековтің туындылары жатады.

Көптеген ғалым-философтардың қай-қайсысы болмасын халықтың дәстүрлі көшпелі

лі тіршілігінде фольклорлық шығармалардың айрықша ролі болғанын айтады. Ұлттық таным мен әлеуметтік-рухани тағдырына ықпал еткен фольклор туындыларының қуатын, ондағы ойлау жүйесінің тереңдігін анықтап, іргелі зерттеулер жүргізілгенін ерекше атауға болады.

Нақтылы халық шығармашылығына қатысты зерттеу жұмыстары жүргізіліп, батырлық жырларға, аңыз-әңгімелерге талдау жасалынып, ондағы философиялық ой-тұжырымдарды түстеп танып, халықтың өзіне тән табиғатын ұғындыруға тырысқан еңбектердің мән-мағынасы ерекше.

Халықтың ойлау табиғаты мен танымдық табиғатын зерделеуде А. Қасымжанов, Ғарифолла Есім, С. Мырзалы, Т. Бурбаев, Д. Кішібеков, М. Орынбеков, А. Қасабек, Ж. Молдабеков, Т. Ғабитов, Д. Раев, Н. Байтенова тағы басқа ғалым-зерттеушілер еңбектерінің мәні зор. Олар қазақ философиясы және мәдени рухани мұралардағы философиялық ойдың түп-төркінін, ішкі қайнарын анықтап, қазақ халқының ойлау жүйесінің «философиялық қуатын» танытуда өзіндік ғылыми үлестерін қосып келеді.

Халық фольклорының өзіндік төл сипаты жөнінде оның тарихи деректілігіне қатысты Х. Арғынбаев, Ә. Марғұлан, М. Әуезов сияқты ғалымдардың толымды еңбектері де ерекше.

Фольклорлық-этнографиялық танымдар арқылы әлеуметтік тіршілігіне қатысты тұжырымдар жасауда В. Пропп, М. Бахтин, А. Лосев, Ә. Марғұлан, Дж. Вруннер, Р. Бауман, Л. Вагнер, А. Дундес, Л. Массон (2-10) еңбектерінің құндылығын айтуға болады. Бұл ғалымдардың еңбектерінде халықтың рухани әлемін, дүниетанымын танытуда теориялық бағыт-бағдар болатын дүниелердің барлығын айту қажет.

Қазақ фольклорының тарихи танымдық, идеялық, көркемдік ерекшеліктеріне қатысты Ш. Уәлиханов, В. Радлов еңбектерін атауға болады.

Оның ішінде фольклорлық мұраларды филологиялық зерттеулер жасап, келелі тұжырымдар жасап қалдырған С. Сейфуллин, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Қ. Жұбанов, Е. Ысмайлов еңбектерінің кезеңдік мәні ерекше. Сонымен қатар олар халықтың өзіне тән төл сипатын анықтап саралауда да таптырмас дүниелер Ғ. Есім, А. Қасабек, М. Орынбеков, Д. Раев, Т. Ғабитов, Т. Бурбаев, А. Қасымжанов, Д. Кішібеков сияқты философ ғалымдардың қай-қайсысы болмасын, халықтың фольклорлық мұрасын тудырған ортаның түп төркінін танытуда айтарлықтай еңбек етіп келе жатқан ғалымдар. Дүниелік

таным мен халықтың төл қасиетін түстеп тану үшін де, әрі берілген тақырыпқа байланысты тұжырымдар жасау үшін де жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерінің методологиялық негіз болары сөзсіз.

Сондай-ақ терминдерді саралау арқылы философиялық ой-танымдарды орнықтыруға оның ұғымдық деңгейін анықтауда да септігін тигізері анық.

«Фольклор» терминінің түп нұсқасы туралы алғаш 1846 жылы ағылшын тарихшысы Уильям Томс, 1875 жылы Франция, Испанияда, Италияда кейін Ресей ғалымдарында қолдау тапқан.

Көптеген елдерде «фольклор» терминін халық туындысының «қарабайыр» көрінісі деп түсіндірген.

Франция ғалымдары фольклорды этнографиямен байланыстыра зерттеген. Л. Томм, П. Куаро, т. б. фольклорды «көпшілік қолды туынды» деп ұғындырады. Ал Америка ғалымдары Р. Уотермен, Д. Форстер фольклорды «халықтың ауызша шығармашылығы» деп айтқан.

В.Я. Пропптың айтуынша, «фольклор» деп, «дамудың қандай деңгейінде болғанына қарамастан халықтардың әлеуметтік тіршілігіне тән шығармашылығы» – дейді (11).

Ал қазақ халқының фольклортану ғылымында М. Әуезов бастаған ғалымдардың еңбегінде «фольклор» ол – «ауыз әдебиеті» деген тұжырымға келгендерін көреміз.

Сонымен «фольклор» деген терминнен түйетін ой ол бір ғана ұғымды, бірқалыпты ғана білдіретін құбылыс емес, әрқилы кезеңдердегі әртүрлі жағдайларға байланысты өсудің, дамудың үрдісіне лайықты оның сан қырлы түрі мен үлгісінің болғанын айтуға болады.

Танымал орыс фольклоршысы А.Н. Веселовский: «Фольклор туындыларының өзіндік ерекшеліктері болады. Ең алдымен, фольклор – өнер» – деп айта келіп, оның бойында халықтың тұрмыс-салты, театр, сөз, би және ән-күй өнері, бір-бірімен дараланбай тұтас күйінде көрінетіндігін жазады (12).

Ғылымда халық поэзиясын «фольклор», ал оны зерттейтін ғылым саласын «фольклористика» деп атайды. Неміс ғалымы И.Ф. Кнафльдің (13) анықтауынша бұл атау халық даналығы деген ұғымды білдіреді. Осы пікірді жоғарыда да айтып өттік. Ағылшын ғалымы У. Дж. Томас та дамыта түсіп, фольклорды ел арасында туған өлең-жыр, ертегі-аңыз, түрлі наным-сенімдерді жинақтайтын термин ретінде ұсынған (14). Жалпы фольклор (халық даналығы) ағылшын сөзі.

Осыдан келіп туындайтын ой, яғни әрбір халықтың фольклорына тән тарихилығы, мәдениеті, философиясы бар. Фольклор әр елдің тұрмыс-тіршілігімен, рухани өмірімен тығыз байланыста болған. Әр ел өз басынан өткен оқиғаларды құмарта жырлайды. Сондықтан да өзінің тарихилығы жағынан фольклор шығармалары авторлық сипаты бар кез келген туындыдан анағұрлым шыншыл, әсерлі де көркем. Сол жылдарға қарап, елдің әдет-ғұрпын, ой-санасы мен түрлі сезімдерін дәл танып білуге болады. «Қазақ халқының фольклорында табиғат, қоғам, өмір жайында түсініктер өрістей келе бүкіл халықтық ой санаға айналған. Халық күнделікті тұрмысқа қажетті қарапайым нәрседен бастап, күрделі құбылысқа дейін сөз етеді» (Алтаев, Қасабек, 1996: 44). Осы жерде ғалымдар А. Қасабек пен Ж. Алтаевтың «... қандай бір фольклорлық шығарманы алсаңыз да, онда философиялық дүниетанымдық қызметі таным процесіндегі білмеуден білуге, қарапайымнан күрделіге, абстрактылықтан нақтылы шындыққа ұмтылған құбылыстарды байқаймыз. Бұл қазақ фольклорындағы философиялық ойлардың даналығының жетістігі» (Алтаев, Қасабек, 1996: 44) деп айтқан пікірлерін қолдауға болады.

Яғни, «фольклор» халықтық ойлау жүйесінің, санасының өзіндік ерекшелігімен әлеуметтік тіршілігіне орай дүниелік көзқарастарының жиынтығы деген тұжырым жасалынады.

Талқы

Қазақ фольклорының бастау бұлағы көне түркі жазбаларынан басталып, халық өмірімен біте қайнасып, оның рухани дамуына, мәдени-философиялық ой-санасының қалыптасуына мол азық берді. Фольклор өзінің тарихи деректілігімен, дүниетанымдық әрекеттілігімен, ауыз әдебиеті үлгілерінің молдығымен, мұндағы халықтың дәстүрлі сөз бен ән-күйі, тұрмыс-салты, бар табиғаты, өрнектеліп, халқымыздың рухани болмысында айырықша орын алады.

«Фольклордың халық өмірімен, күнделікті тіршілігімен, өткен тарихымен, мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан сана-сезімімен, дүниеге көзқарасымен біте қайнасандығы соншама, оны халықтың бүкіл тұрмыс тіршілігінен, тарихы мен сана-сезімінен тұтастай қалпында ажыратып алу былай тұрсын, иненің ұшымен шұқылап отырып, босатып алу бос әурешілік. Иненің ұшына ілінген түйнек-түйнек бөлшектерді қанша ұқыптылықпен қайта құрастыра білгеніңізбен, қаны-сөлі бар фоль-

клорлық тұтас организмді қайта тірілту ешкімнің қолынан келе қоймас» (Турсунов, 2001: 132).

Сондықтан да көшпелілер мәдениетін, философиясын, фольклорын зерттеу ісін халқымыздың тұрмыс-тіршілігінің, оның рухани табиғи болмысының аясында қарастырғанымыз дұрыс сияқты.

Әрбір халық өзінің өткен тарихын, ауыз әдебиеті мен фольклорын оның рухани бастау бұлағын танып білмейінше ешқандай мәдениеттің дамуы да мүмкін емес деп түсінеміз. «Мұнан фольклор туралы ғылымның өткенін білмей тұрып қазіргі зерттеу әдістерін айтарлықтай деңгейде игеру мүмкін емес» – деген (Ыбраев, 1993: 3) белгілі фольклортанушы Ш. Ыбраевтың пікірімен қосыламыз.

Қазіргі философиялық әдебиеттерде қазақ фольклорының бастауы, ондағы мәдени-философиялық мәселелер көрінісі мәселесі өте аз қамтылған, әлі толық зерттелінбеген тың тақырыптардың бірі болып отыр. Қазақ фольклорының шығу тегін, генезисін танып білмей оны түсіндірмей фольклордың философиялық аясын, орны мен мәнін, өзіндік ерекшелігін анықтау айтарлықтай қиындыққа түсер еді.

«Фольклор, негізінен, халықтың дәстүрлі сөз бен ән-күй өнері болғандықтан және ауыз әдебиеті үлгілерін жазып алу, жарыққа шығару ісімен көбінесе әдеби шығармашылықпен айналысқан адамдар болған себепті, өткен ғасырдың аяғы – жиырмасыншы ғасырдың бас кезінен бастап, фольклористика саласындағы зерттеулердің басым көпшілігі әдебиеттану ғылымының әдістері зерттеулердің басым көпшілігі әдебиеттану ғылымының әдістері мен тәсілдері негізінде жүргізіле бастады» (Турсунов, 2001: 11) – деп фольклор зерттеуші ғалым Е.Д.Тұрсынов фольклор зерттеуші ғалымдар әуелде әдебиетшілер болды деуі өте орынды. Дегенмен қазіргі таңда бұл мәселелер төңірегінде философ мамандарда өз зерттеулерімен көрініс бастады. Мәселен профессор М. Орынбеков, Ж. Молдабеков, Ғарифолла Есім, Д. Раев, Т. Бурбаев, А. Қасабек сынды ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады (18).

Бұл мәселені әрі қарай жалғастыра түсіп профессор Е.Д. Тұрсыновтың – «Бұл да заңды нәрсе, өйткені, әдеби процеске тән көптеген құбылыстардың көзі фольклорда жатқаны белгілі. Алайда, фольклор мен әдебиеттің халықтың дәстүрлі тұрмыс-салты мен сана-сезіміне, өткен тарихы мен дүниеге көзқарасының қалыптасу тарихына жақындықтары бірдей емес. Әдебиет – тарихи көзбен қарағанда, жас

өнер. Фольклор өнері адамзаттың әлеуметтік құрылысының пайда болып, даму процесімен қатар дамып отырды. Жоғарғы палеолит (көне тас) дәуірінде әлеуметтік құрылыстың қалыптасуымен бірге мифология, сурет салу өнерлері өркен жая бастады» (Турсунов, 2001: 132-133) деген пікіріне әбден қосылуға болады. «Алғашқы әлеуметтік құрылыс дәуірінде қазіргі заманымызға дейін жеткен негізгі фольклорлық жанрлар қалыптасты. Түркі тайпаларының тарихи өлеңдерінің қағазға түскен алғашқы нұсқалары Хун дәуіріне жатады (б.э.дейінгі III ғ.) батырлар жыры, айтыс, толғау, лирикалық ән жанрларының қалыптасу дәуірі де осы» (Турсунов, 2001: 133). Міне, фольклор тарихы бастауының өте ерте негіз алатынын көріп отырмыз.

Фольклор, ауыз-жазба әдебиеті, тарих және философия әрбір халықтың өзіндік ерекшеліктерін білдіреді. Мәселен қазақ философиясының мәдениетінің түп тамырын фольклор туындыларынан табамыз. Өйткені оның дүниетанымдық негізі, рухани қазынасы байырғы ауыз әдебиеті, аңыз-ертегілер, мифология эпостық жырлар болып табылатыны бізге анық.

Бірақ олар қай кезде, қай уақытта дүниеге келді? Оның ұлттық сыр-сипаты, табиғи болмысы ерекшелігі қандай? Біздің зерттеу нысанымыз болып отырған қазақ фольклоры қалай туған, байырғы ауыз әдебиетін кімдер жасады? Мұның бәрі философиялық пайымдауды, ғылыми ізденіс пен зерттеулерді қажет етеді. Біздің басты мақсатымыз да қазақ фольклорына философиялық, мәдениеттанулық талдаулар жасай отырып, мәселенің басында фольклордың шыққан тегін, бастау бұлағын шамамыздың келгенінше анықтап алу. Біздің философиямыз бен мәдениетіміздің бастауын халық фольклорынан іздеп өзіміздің ұлттық ерекшелігіміз бен қасиетімізді жоғалтпай, оны кейінгі ұрпаққа жалғастыру. Бұл ең басты мәселелердің бірі деп санаймыз. Өйткені ана сүтінің дәмін білмеген бала сияқты, өз елінің рухани мол мұрасынан, әдебиеті мен философиясынан, мәдениетінен рухани азық алмаған адамды толыққанды ұлтын сүйер азамат деп тану да қиын болса керек. Қазақ философиясы мен мәдениетінің бар дәм берер нәрі осы қазақ фольклорында, ауыз әдебиеті мен эпостық жырларда жатыр десек қателеспейтін сияқтымыз. Бірақ ең басты мәселе осы қазақ фольклорының рухани бастау бұлағын танып білуде оны зерттеу барысында біз ісі түркілік тұтастықты, түркілік рухты, әлемді методологиялық негіз етіп алуымыз бірден бір тура ғылыми жолға алып барады. Фольклордың шығу

тарихын өзіміздің тарихи болмысымыздан, ата-бабаларымыздың рухани тіршілігінен іздестіргеніміз жөн сияқты. Өйткені, ғылым дәлме-дәл дәлелдеуді қажет етеді, жәй ой-жобамен айта салу біздерді қателікке алып келері сөзсіз.

«Ақын жырау, сал сері т.б. осы сияқты ауыз әдебиеті өкілдерінің қалыптасуы – жалпы өнер дәстүрінің мыңдаған жылдар бойында сатылап дамып, жетіліп, сала-сала болып өзгеруді әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың дамып, өзгеруімен тығыз байланысты» (Турсунов, 1976: 6).

Бұл жерде біздің пайымдауымыздың қазақ фольклорын, шығу тарихын, оның өкілдері мен ерекшеліктерін, қалыптасуын жалпы түркілік адамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарастырып зерттеуіміз керек сияқты. Бұдан шығар тұжырым қазақ фольклоры мен ертегі-аңыз, эпос-жырларынан төл философиямыз бен мәдениетімізге рухани арқау таусылмас мол қазына таба аламыз. Мәселен, тұрмыс-салт жырлары, аңыздар (қала, дала аңыздары, Қорқыт ата аңыздары, Асан қайғы, Алдар көсе мен Жиренше шешен, жануарлар мен жер аттары туралы т.б.). Ертегілер, Қазақ эпосы батырлар жыры (Алпамыс батыр, Қобланды батыр, Қамбар батыр, Ер Тарғын) Лиро-эпостық жырлар; («Қозы Көрпеш-Баян сұлу ең байырғы жырлардың бірі», «Айман-Шолпан» жыры, «Мақпал қыз» т.б.) дәлел бола алады.

Біздің тағы бір айтарымыз фольклортану ғылымының әуел бастан-ақ этнография, әдебиет тарих ғылымдарымен тығыз етене байланысты болғанын естен шығармауымыз керек.

Әрине, біздің бұл шағын зерттеуімізде қазақ фольклорының бар шығу тегін, бастау бұлақтарын толық мазмұнын ашып жеткізу өте қиын, сондықтан да біздің алға қойған мақсатымыз қысқаша фольклордың философиялық тарихи ұғымын және қазақ фольклорының дүниетанымдық негізі мен бастауын, философиялық пайымдаулар жасай отырып, шағын көлемде аз ойымызды пікірімізді ортаға салу зерттеу нысанына айналдыру.

Қазақ фольклорының бірден-бір бастау бұлағы Қорқыт туралы аңыз десек қателеспейміз. Бұл аңыздардан көптеген философиялық сырға толы жалпы түркі дүниетанымның ішкі табиғаты мен болмысын, оның көрегендігін өзектілігін танып біле аламыз.

«Қорқыт туралы аңыз және Қорқыттың бейнесі түркі фольклорымен айналысқан зерттеушілерді толып жатқан сырларымен, философиялық тереңділігімен қызықтырып жүр. Фольклоршылардың күні бүгінге дейін

бір қорытындыға келе алмай, шешімін таба алмай жатқан мәселелерінің бірі – Қорқыттың мифтік әлде тарихи кейіпкер болғандығы. Түркілердің орта ғасырлардағы «Кітаби дедем Қорқыт» атты жырында Қорқыт ел ағымы алыстағаны болжағыш дана қарт есебінде суреттеледі» (Турсунов, 2001: 133-133) – дейді белгілі фольклортанушы ғалым Е.Д. Тұрсынов. «Ол дүниедегі бар нәрсені білген, оның айтқан сөзінің барлығы келетін. Ол болашақта болатын, өзгелер үшін құпия сырларды құдай тағламнан естіп, жұртқа жеткізіп жүрді» (Книга моего деда Коркута, 1962: 11).

В. Бартольд «Кітаби дедем Қорқыттағы» Қорқытты, негізінен, жаршы деп атайды. «... Бірақ ол ақы үшін бектердің көңілін көтеретін озан емес. Ол қиын-қысталаң жағдайларда ақыл сұрап келетін ханның, бектердің және халықтың дана ақылшысы; кейде ол жорыққа аттанатын батырға өсиет айтады; батырдың семсеріне бата беретін де ол; түріктің «Аталар сөзі» деп аталатын жинағында да ол дәл осылай суреттеледі: мұнда халықтың ақылшысы, ата-бабалар салтын, ру құрылысын сақтаушысы» (Книга моего деда Коркута, 1962: 11).

Қорқыт халық ұғымынша болашақты көре білетін сәуегей философ, қобызшы ол табиғаттың дүлей күшіне қарсы күрескен, өліммен алысқан алып жанды танытады. Нағыз экзистенциализм философиясы, яғни адам мен ажалдың, өмір мен өлімнің күресін баяндайтын терең философияны біздер Қорқыттың бойынан табамыз. Қорқыт туралы аңыздарда кездесетін үлкен философиялық мәселе өмір философиясы Еуропада тек XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ғана өмірге келгенін ескерсек, біздер оны Қорқыт аңыздарын дүниеге алып келген түркілік ата-бабаларымыздың асқан көрегендігіне, олардың ойларының аса тереңдігіне таң қаламыз. Иә, бұл түркі дүниетанымы мүмкіндігінің әлемге дәлелі, табиғаты мен болмысы. Тек бізде жетіспейтін нәрсе осындай керемет ойларды болған, айтылған нәрселерді дер кезінде айтып жазып жеткізе алмауымыз біздерге үлкен ой салады.

«Қорқыт жырларында батырлық пен әсемдік, нәзіктік пен сұлулық қобыз сарынымен үндесіп, үлкен бір философиялық ой арнаға алып келеді. Табиғаттың тылсым күштерін, адам жанының көңіл-күйлерін, сезімін ұлы бабамыздың қобыз шегімен аса бір нәзіктікпен жеткізе білгендігіне қайран қалып отырамыз. Қорқыт иісі түркі халықтарына ортақ философ, музыкант ретінде ғана болып қойған жоқ, ол Шығыс ренессансы

үшін де көрнекті тұлға болды» (Алтаев, Қасабек, 1996: 60).

Қорқыт философиясының басты концепциясы адам өмірін мәңгілік ету, өліммен қарсы күресу, қорқынышты жеңу және содан құтылудың жолдарын іздеу өте бір философиялық астары бар ұғым.

Заманымыздың заңғар жазушысы ұлы Мұхтар Әуезов «Қазақ музыкасының атасы «Қорқыт туралы әпсаналардың» мазмұны өте терең. Ажалды тоқтату мүмкін еместігін мойындағысы келмеген Қорқыт жұрттан безіп айдалаға, табиғат аясына кетеді, бірақ таулар да жазықтар да, ормандар да оған өлім күтіп тұрғанын айтады. Содан қорқып шырғайдан бірінші рет қобыз жасап, жер бетінде бірінші болып күй тартады. Сөйтіп, өлмеудің амалын өнерден табады» (Ауезов, 1994: 15) – деп жазады.

Бұл аңыз-ертегілерде, эпостық жырлар, фольклорда өте сирек кездесетін құбылыс. Өлімді жеңу қандай бір сыртқы күштердің әсерінен емес өзіңнен өз күшінен, өз әрекетінен іздеу. Сіздер көріп отырғандай қазақ аңыздарындағы Қорқыт бейнесі енді өлімнен қашқан шаман емес, керісінше, өмір сүрген және өмір үшін күрескен, өлімнен құтылуды қандай бір құдіретті күштен емес, өнерден іздеген ажалмен айқасқан алып рухани тұлға.

Осы жерде Қорқыт туралы аңыздың философиялық, эстетикалық мәдени ролі мен мәнін айта отырып, белгілі шығыстанушы ғалым, Г.Н. Потаниннің: «Қазақ халқы өмірге тек өнер ғана сән береді, тек өнер ғана біздерге ерте үйірілетін сары уайымнан құтқарады» – деп жазған ойын орынды деп білеміз (Потанин, 1968: 300).

Қазақ фольклоры бастау бұлағының көзі болған Қорқыт туралы аңыздарды тұжырымдар болсақ, қазақ философиясы мен мәдениетінің оның дүниетанымдық негізін, ондағы мәдени-философиялық көріністер мәселесін бәрімізге ортақ түркілік фольклор, мәдени мұраларымыздан іздесек қателеспеген боламыз.

Белгілі философ ғалым М. Орынбековтің «ұлттық сананың өсуі, мәдениеттің қайта өрлеуі (халықтың рухани бастауларына зор көңіл аудару) 25 ғасырлық тарихы бар халықтың рухани бастауларға көңіл аударуын туындатуы заңды еді», – деп айтқан ойларын орынды деп санап, қазақ фольклорының халықтың рухани бастауларының бірі екендігін дәлелдеп, оны ғылыми зерделеуге ұмтылыс жасау, бүгінгі күн талабының негізгі мәселелерінің бірі деп санаймыз.

Даулетбек Раев: «Қазақ философиясына үнілетін болсақ, оның ежелгі қазақ этностары мен тайпаларының материалдық және рухани мәдениетінің негізінде өніп-өскендігіне күмән жоқ. Демек, қазақ философиясы – ол қазақ халқының жалпы мәдениетінің логикалық жалғасы және негізгі рухани мұрасы, құндылығы. Қазақ даласындағы философиялық дүниетаным, ең алдымен, қазақ елін құраған алғашқы тайпалардың тіршілігі барысындағы дүниені тану бағыт-бағдарларына, әдет-ғұрыптарына, өмір сүру стильдеріне, наным-сенімдеріне сүйенеді. Яғни, қазақ философиясының қалыптасуының тарихи алғышарттарына қазақ мифтерін, дінді, ұлттық фольклорды, поэзиялық құбылыстарды жатқызуға болады» – дей келіп, қазақ философиясының бастау бұлағы миф, аңыз, қазақ фольклоры, поэзия, шешендік сөз өнері деп есептейді (Раев, 2001: 7).

Яғни, қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани мәдениеті, наным сенімдері, дүниетаным, поэзия шешендік өнер мен ұлттық фольклор философия бөлінбейтін тұтастық ретінде қарастырылады.

Қазақ фольклорының ең бай саласы – эпостық жырлар. Олар ежелгі замандардан бері ұзақ даму жолдарынан өтті. Ауыз әдебиетінің түрлі жанрларымен тығыз байланыста өрбіді. Қоғамның әлеуметтік дамудың алмасуына байланысты олардың ішкі-сыртқы белгілері де өзгеріп отырды.

Фольклортанушы ғалым Ш. Ыбраев «Қазақ фольклор жырларының ішінде қазақтың қаһармандық эпосы өзінің көл-көсір молдығымен де, көркемдік-эстетикалық қуат-тегеурінімен де, тарихи деректігімен де халқымыздың рухани болмысында айырықша орын алады» (Ыбраев, 1993: 3). – деп осынау рухани мол мұра көшпелілер әлемінің бар ғұмыр тіршілігін айқын көрсете біліп, біздің ой-танымымыздың өсіп-өркендеуіне үлкен әсер етті дейді.

«Қазақ эпосы бірде ерлікті, батырлықты дәрістеп ел қорғау, отаншылдық сарынға құрылса («Қобыланды», «Алпамыс»), бірде қоғамдағы әйел теңсіздігін арқау етіп, махаббат тақырыбына негізделеді. Енді бірде өмірде болған нақты тарихи оқиғаларды жырлайды. («Бекет», «Досан батыр»), эпостық жырлар барлық елдерде болған. Ежелгі гректердің «Илиада», «Одиссея» сияқты көлемді дастандарының эпопеялық сипаты басым болса, ондай сюжеттер қырғыз (Манас), қазақ халықтарында да жоқ емес» (Алтаев, Қасабек, 1996: 70-71). Бұдан біздің пайымдайтынымыз, қазақ біздің бар өмір

тіршілігіміз, дүниетаным, тарихи шындықтар, әлеуметтік жағдай, елге, жерге деген үлкен сүйіспеншілік, патриоттық сезім тұнып тұр. Эпостық жырлар рухани бастау бұлағының көзі, сондықтан да қазақ болмысын, табиғатын, оның рухани дүниесін танып білуде қазақ фольклорындағы эпостық жырлардың атқарар қызметі мол демекпіз.

Мәселен, қазақтың лиро-этностарының ішінде Шоқанның ең жақсы көріп, ел аузынан жазып алған ғылыми аса бағалылары «Едіге» жыры «Қозы Көрпеш Баян сұлу», «Қоңырбай, Ер Нұра» (Манас тобына кіретін ерлік жыры), «Күмісхан яки Қарабас ұлы Манас», мақал сөздер, жұмбақтар тағы басқалар.

«Мұндағы Шоқан жазып алған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры қазақ даласындағы ең тұңғыш дүниеге келген жырларының бірі болып саналады. Бұл жырдың ең құндылығы – тіл байлығында. Ол өткен дәуірдің ең күрделі әлеуметтік мәселелерінің бірі – адам еркіндігі, әйел теңдігі мәселесіне арналған өте мазмұнды, шыншыл проблемалы этностың бірі» (Алтаев, Қасабек, 1996: 73). Ойымызды дәлелдей түсу үшін акадмик Ғарифолла Есімнің пікірін келтірейік: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры біздің ұлттық тарихымыздың, жер тарихының, рухани мәдениеттің және дүниетанымның қайнар көзі» – деп, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры ұлттық дүниетанымның бастауы дей отырып, мұнда тек қыз бен жігіттің махаббаты емес, үлкен әлеуметтік мәселелердің жер және Ел туралы мәселелерге тікелей қатыстығы бар дейді.

Иә, қазақтың қайсыбір эпос жырларын олардың өзіндік құндылықтары жоғары мазмұны өте терең, онда халықтың ойы, табиғи болмысы, философиялық көріністер, ел, жер тағдыры Отанды сүю, адамгершілік, эстетикалық талғам, тіл байлығы көрсетіледі. Бұл кейінгі ұрпақтарды тәрбиелеуде, рухани мәдениетімізді игеруде өзінің оң септігін тигізері сөзсіз. Ұлттық философиямыз бен мәдениетіміздің негізгі бастауын оны фольклордан, эпостық жырлардан, аңыз әңгімелерден, шешендік өнер мен поэзиядан табамыз. Мұндағы көріністер философиялық пайымдауға мол рухани азық болары анық.

Көшпелілер рухани дүниесін Т. Бурбаев «Көшпелілер ойлау жүйесі олардың тұрмысымен, өмір салтымен де байланысты. Мәселен, олар сөздің қадір-қасиетін жақсы білген, сөзге тоқтаған. Шындық пен Ақиқатты, Әділетті ту етіп көтерген. Философиясы абстрактылы емес, керісінше тіршілікке бейімделген, даналыққа толы, тәрбиелік және тағылымы мол өмірдің өзі-

нен туындап отырған. Көшпелілердің дәстүрлі ойлау әдісі символдарға, ардақты сыйлауға, тыйымдар мен әдеттерге, мақал-мәтелдерге толы болған. Философиясы мәдениет пен өнерден, салт-дәстүрден, фольклор мен мифтерден ажырамаған тұтас күйінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырған» – (Бурбаев, 2001: 21) деп жазады.

Фольклор сан ғасырлар бойы әр дәуірдің көркемдік талап-тілектеріне жауап беріп, ұзақ эволюциялық процесті бастан өткеріп келе жатқан өнер. Сондықтан да қазақ фольклорын, әсіресе эпостық жырларды ғылыми зерттеуде жүйелі талдау әдісімен ұштастыру қазіргі күн тәртібінде тұрған айрықша мәселе.

«Қазіргі зерттеу еңбектердің нәтижесіне үңілетін болсақ, ең алдымен байқалатыны – көне эпостың синкреттік сипатының басым екендігі. Атап айтқанда, мұнда фольклордың өзге жанрларының үлкен рөл атқаратындығы: әсіресе, мифтің, ертегінің, аңыз-әңгімелердің, тұрмыс-салт жырларының тұтас көрінуі байқалады. Оның үстіне ежелгі замандардағы ру мен тайпалардың әдет-ғұрпы, салты, дүниетанымы да көне эпоста олардың көркемдік ойлау тәжірибесімен астасып кеткен» (Ыбраев, 1987: 37).

Ж. Молдабеков «Халықтық сана-сезімнің алғашқы түрлері мифтен, фольклордан, діни наным-сенімнен нәр алды... Образдық-поэтикалық тұрғыдан алсақ мифтің, фольклордың, діни наным-сенімнің құрылымдық стильдік ұқсастығын оңай пайымдаймыз», халық ой бастауының бастамасы мифтен, фольклор, наным-сенімдерден басталады» деп жазады (Молдабеков, 2006: 149).

Өз ойын әрі жалғастыра түсіп профессор Ж. Молдабеков «фольклорда талдау зердесі стихиялы түсініктен гөрі тұтас көркемдік санаға айналып, алдымен ұрпақ пен тайпаның даналығын және біртіндеп халықтың әдеби-философиялық мұрасын құрайды» – дейді (Молдабеков, 2006: 151).

Өйткені, «ауыз әдебиеті – халық шығармашылығының нәтижесі және халықтың рухани байлығының берік қоймасы, фольклор дүниетанымының көне, ерекшелігі ортақ түрі» деп, халық рухани бастауының төркінін фольклордан табамыз деген тұжырым жасайды.

Біз қазақ фольклорының философиялық аясының тамыры өте тереңде жатқанына келтірмейміз. Бұл жерде тағы бір мән беретін нәрсе қазақ фольклоры мәдениеті өз алдына жеке дамыды деп айтудан аулақпыз. Ол өзге халықтардың ауыз әдебиетімен өте тығыз байланысты

болғанын да біздер ескергеніміз жөн. Мәселен, «Ежелгі римдіктер, гректер, скифтер, қытайлар сияқты халықтардың әдет-ғұрпы, фольклоры түркі-моңғол халықтарының этнографиясымен өте ұқсас. Қырғыздың «Манасын», гректің «Иллиадасын», финнің «Калеваланы», қазақтың «Алпамыс жыры», бұларды салыстырғанда көп халықтардың поэзиясымен ұқсастықтарын ерекше байқаймыз» (Алтаев, Қасабек, 1996: 74).

Біздің пайымдайтынымыз, жалпы адамзаттың рухани ойынан туған мәдени құндылықтар мәдениет, фольклор және оның қол жеткен жетістіктері бәріне бірдей ортақ.

«Көшпелілер жасаған мәдениет, рухани мұралар – тарихи шындықтың көрінісі. Себебі көшпелілер мәдениетінің рухани дүниетанымының болмысының ерекшелігінің өзі көшпелі халық болғандығында. Оның бар болмысы табиғатпен етене жақын. Басқа халықтың тілін, психологиясын, тұрмыс-салтын, дәстүрін, ішкі дүниесін түсінбей, көшпелі мәдениет туралы пікір айту сөз жоқ түсінбеушілікке алып келер еді. Мұндай пікір айту Еуропа ғалымдарының талайын сүріндіргені біздерге тарихтан белгілі» (Алтаев, Қасабек, 1996: 74).

Белгілі бір халықтың тарихи-әлеуметтік ерекшеліктерін, әрбір нақтылы жағдайдағы ішкі даму процестерін ескерген дұрыс. Олай болмаған жағдайда ізденіс нәтижесінің берері аз болары сөзсіз. Бұдан туындайтын ой қазақ фольклорын, мәдениетін өзімізге жақын туыс түркі халықтарының мәдени-мұраларымен салыстыра отырып ғылыми зерттеулер жасау.

«Өткен ғасырдың соңына таман қазақ фольклорын түркі халықтарының мұрасымен салыстырып зерттеуде А. Диваев елеулі еңбек сіңірді. Ол Қазақстан мен Орта Азия елдерінің ауыз әдебиеті үлгілерін жинай жүріп, олардың нақтылы әдет-ғұрыппен, тұрмыс-тіршіліктің ерекшеліктерімен байланысты екенін жақсы түсінді» (Ыбраев, 1987: 37). Яғни қазақ, өзбек, қырғыз халықтарының фольклорындағы ұқсастықтарды белгілеумен қатар, олардың тұрмыс-тіршіліктен туындайтын өзгешеліктерінің бар екендігін де ескертті.

Біздер қазақ фольклорындағы мәдени-философиялық мәселелер көрінісін зерттеп-зерделей отырып, қазақ философиясына негізгі рухани арқау болған қазақ эпос-жырларынан төл философиямызға арқау таба білу. Қазақ фольклорындағы философиялық ой-пікірдің философ мамандар тарапынан әлі де болса зерттеу нысанына айналдыру мәселесін күн тәртібіне қою.

«Қазақ философиясы ұлтымыздың бүкіл ішкі рухани әлемін, тіршілік философиясын, сайып келгенде қазақтың ұлт, ел ретіндегі макро-микродүниедегі алатын орнын, болмыс-жаратылысын бейнелейді және қазақтың өзін-өзі түсінуі үшін рухани негіз, методологиялық құрал. Сондықтан қазақ дүниетанымын ғылыми-философиялық тұрғыдан зерттелмейінше қазақ ұлтын жан-жақты тану мүмкін емес» (Раев, 2001: 5).

Осы пікірді қолдай отырып, қазақ философиясының өзіндік төл ерекшелігі адам, бақыт, көркемдік, тән, сұлулық, өмір және өлім, дүние әлем, болмыс, батырлық, адам мен табиғат үйлесімі мәселелері қазақтың фольклорында өзінің молдығымен, көркемдік, сұлулығымен тарихи деректілігімен, сыршылдығымен ерекше орын алады. Осы тұста қазақ фольклоры, эпостық жырлар, ақын-жыраулардың, би-шешендердің қайталанбас философиялық ой-пікірлері ұлттық философиямызға негізгі арқау болғандығын айтып өткеніміз дұрыс. Қазақ фольклорының рухани бастау бұлағы бұл қазақ философиясының да негізгі арқауы. Мұндағы мәдени-философиялық көріністер, оны философиялық тұрғыдан пайымдау зерттеу жұмысымыздың мазмұнына нәр беріп, ғылыми құндылықтарын арттыра түсері сөзсіз. Рухани бастау бұлағын іздеу мәдени-философиялық ой-өрісімізді кеңейте түсері ақиқат.

Қорытынды

Ғылыми қорытындылар жасау, соның барысында сан ғасырлар қалыптасқан дүниетанымдық тұжырымдарды танып түстеу күрделене де, тереңдей де түсуде. Жасалынып жатқан зерттеу жұмыстары философиялық ойдың іргетасын шындай түсіп, халықтық зерденің көмескілене бастаған күре тамырына нәр беріп, жаңғыртуда. Халықтың әлеуметтік-тарихи болмысын саралау оның рухани бітімін танып білумен сабақтасып жатыр.

Дүниетанымдық тұжырымдар дәйекті дәлелдермен өткен дәуірдегі ондағы ойдың жасаған пайымдауымен, халқымыздың болмысымен қайнасқан оның тіршілігінің идеялық арқауын зерделетеді.

Халықтық зерде оның дүниетанымдық көзқарасы, сезімдік, түйсіктік сатыларынан, уақыт сынынан сүрінбей өткен тыныс диапазонын аңғартатын философиялық ойдың негізі.

Философиялық ойдың көрінісі халық шығармашылығында ойдың сөзге, көркем тілге

айналуында. Халықтық ойлау табиғаты оның кеңістігі өзгеріп жатқан қоғамдық формациялармен шектелмейді. Сондықтан да халық арасынан шыққан ақын-жыршыларының шығармаларындағы халықтық таным сол халықтың ойлау табиғатымен сабақтасып, ұлттық қасиет-қарымдарын анықтай түсуде.

Фольклорлық зердеге философиялық көзқарас танымдық қызметін атқаруда. Себебі, әрбір ғалым, зерттеуші өзінің шама-шарқына қарай ондағы халықтың рухани кемелденуіне бастаған дүниетанымдық түсініктеріміз жөнінде ғылыми қорытындылар жасап, халықтық сипатта қалыптасуын таным-түсініктердің маңығынасын талдап жеткізуге тырыстық.

Сөзіміздің соңында фольклор – көне заманның дүниетанымдық бастауы. Ол халықтың ақыл-ойы, іс-әрекеті, дүние туралы көзқарас дей отырып, ол өмір сүрудің әдіс-тәсілдерін үйретуші болуымен дүниені рухани игерудің философиясы дейміз.

Қорытындылай келе мақалада алға қойылған мақсат-міндеттерді зерттеу барысында төмендегідей қорытынды пайымдаулар мен тұжырымдар қалыптасты.

Біріншіден, мақала қазақ фольклорының рухани бастаулары мәселесіне арналғандықтан, қазақ фольклорының мәдени-философиялық арқаулары, халық даналығындағы рухани ой-кешу сабақтастықтары, фольклортанудағы мәдени-танымдық үрдістер мәселелеріне қатысты мәдени-философиялық пайымдаулар жасалынды. Қазақ фольклорының рухани бастау бұлағы аңыз-эпсаналар мен эпостық жырлар, Қорқыт және т.б. туралы аңыз-әңгімелерге мәдени-философиялық негізде тұжырымдар жасалынды. Сондай-ақ фольклор туындылары арқылы қазақ халқының тегі мен болмысы, оның дүниетанымы мен рухани өміріне, ежелгі мұраларына ғылыми-философиялық талдау жасалынып, осыған орай бұл мәселелер кеңінен қолдау тауып, отандық философия ғылымында өз орнын таба бастағандығы қарастырылды.

Екінші, фольклор мәдени-философиялық пайымдаудың маңызды сатысы екендігіне зерделі зерттеулер жүргізіліп, фольклордың мәдени-философиялық аясына ерекше көңіл бөлінді.

Үшінші, мақалада халық даналығындағы ой-кешу сабақтастықтары фольклорлық туындылардың негізіндегі халықтың таным үрдістерін, ондағы рухани тұтастықтың өзіндік санасын білдірген шығармашылықтағы көркем ойдың көрінісі талданды. Халықтың рухани мәдениет негізін орнықтыратын ұлттық ойлау дәстүрінің

ерекшелігі және әлеуметтік мәдени таным негізіндегі қалыптасқан қоғамдық бейнелердің көркем суреттелуі сарапталынды.

Аталған мақала аясында зерттеудің мақсаты мен міндеттерін барынша толық ашуға талпыныстар болғанымен, бұл проблема әлі де терең, барынша ары қарай зерттеуді қажет етеді.

Халықтық таным, философиялық ойлау қазіргі кездегі ұлттық қалыпты сақтап зерделеудегі қажеттілік, түрлі аңыз-әңгімелер мен жыр-дастандардағы астарлы ойдың ойлау жүйесіндегі ерекшелік және қанатты сөздерімен берілген өнерінің мазмұны келешек буынға үлгі-өнеге болуға тиісті.

Әдебиеттер

- Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана, 2006. – 7 т. – 544 б.
 Propp V. Theory and History of Folklore. 1984.
 Бахтин М., Бахтин М. Эстетика словесного творчества. – М., 1979.
 Лосев А. Философия. Мифология. Культура. – М., 1991.
 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар / Құраст. Р. Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
 Bronner Simon J. American Folklore Studies: An Intellectual History. – Lawrence, KS: University Press of Kansas, 1986.
 Bauman R. Differential Identity and the Social Base of Folklore // The Journal of American Folklore. – 1971. – №84 (331). – p. 3-41.
 Propp V. Wagner L. Morphology of the Folk Tale. 1968.
 Dundes A. Interpreting Folklore. Bloomington and Indianapolis: Indiana University Press, 1980.
 Mason B.L. The Orality and Literacy Issue Revisited. Oral Traditions. Columbia, MO: Center for Studies in Oral Tradition, 1998.
 Пропп В. Я. Фольклор и действительность. – М., 1976. – 366 с.
 Веселовский А.Н. Синкретизм древнейшей поэзии и начала дифференциации поэтических родов: В кн. Историческая поэтика. – Л., 1940. – 595 с.
 Аникин В.П. Русский фольклор. – М., 1987. – 280 с.
 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1991. – 288 б.
 Алтаев Ж., Қасабек А. Қазақ философиясы. – Алматы, 1996. – 184 б.
 Турсунов Е.Д. Истоки тюркского фольклора Қорқыт. – Алматы, 2001. – 168 с.
 Ыбраев Ш. Қазақ эпосы. – Алматы, 1987. – 76 б.
 Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы, 1996; Молдабеков Ж. Қазақ халық философиясы // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана, 2006. – 7 т. – 544 б.; Раев Д. Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау. – Алматы, 2001; Қасабек А., Алтаев Ж. Қазақ философиясы. – Алматы, 1996; Ғарифолла Есім. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы, 2006; Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. – Алматы, 2004.
 Турсунов Е.Д. Қазақ әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы, 1976. – 200 б.
 Книга моего деда Коркута. Огузский героический эпос / Пер. В.М. Бартольда – Л., 1962. – 300 с.
 Ауезов М. Казахский эпос и дореволюционный фольклор. – М., 1994. – 216 с.
 Потанин Г.Н. В юрте последнего киргизского царевича // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. В 5-ти томах. – Алматы, 1968. – Т. 4.
 Раев Д.С. Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау. – Алматы, 2001.
 Ыбраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы, 1993.
 Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. – Алматы, 2001.
 Молдабеков Ж. Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана, 2006. – 7 т. – 544 б.

References

- Qazaq halqynyn filosofiyalyk murasi. – Astana, 2006. – 7 t. – 544 b.
 Propp V. Theory and History of Folklore. 1984.
 Bahtin M. Estetika slovesnogo tvorzhestva. – M., 1979.
 Losev A. Filosofia. Mifologia. Kylytra. – M., 1991.
 Margulan A. Ejelgi jyr-anyzdar / Qurast. R. Berdibaev. – Almaty: Jazushy, 1985. – 368 b.
 Bronner Simon J. American Folklore Studies: An Intellectual History. – Lawrence, KS: University Press of Kansas, 1986.
 Bauman R. Differential Identity and the Social Base of Folklore // The Journal of American Folklore. – 1971. – №84 (331). – p. 3-41.
 Propp V. Wagner L. Morphology of the Folk Tale. 1968.
 Dundes A. Interpreting Folklore. Bloomington and Indianapolis: Indiana University Press, 1980.
 Mason B.L. The Orality and Literacy Issue Revisited. Oral Traditions. Columbia, MO: Center for Studies in Oral Tradition, 1998.
 Propp V. I'a. Folklor i deistvitelnost. – M., 1976. – 366 s.

- Veselovski A.N. Sinkretizm drevneisei'poezi i nazhala diffentsiatsi poetizheskih rodov. V kn. Istorizheskaia poetika. – L., 1940. – 595 s.
- Anikin V.P. Rysskii folklor. – M., 1987. – 280 s.
- Qonyratbaev A. Qazaq folklornyn tarihy. – Almaty, 1991. – 288 b.
- Altaev J., Qasabek A. Qazaq filosofiasy. – Almaty, 1996. – 184 b.
- Tyrsynov E.D. istoki tiyrskogo folklor Qorqyt. – Almaty, 2001. – 168 s.
- Ybraev S. Qazaq eposy. – Almaty, 1987. – 76 b.
- Orynbekov M. Ejelgi qazaqtyn duniyanymy. – Almaty, 1996; Moldabekov J. Qazaq halyq filosofiasy // Qazaq halqynyn filosofialyq murasy. – Astana, 2006. – 7 t. – 544 b.; Raev D. Qazaqtyn sesendik oneri: filosofialyq paiymday. – Almaty, 2001; Qasabek A., Altaev J. Qazaq filosofiasy. – Almaty, 1996; Garifolla Esim. Qazaq filosofiasynyn tarihy. – Almaty, 2006; Byrbaev T. Ult mentaliteti. Almaty, 2004.
- Tursinov E.D. Qazaq adabietin jasawshylardyn bayırғы okilderi. – Almaty, 1976. – 200 b.
- Kniga moego deda Korkyta. Ogyzski georizheski epos / Per. V.M. Bartolda – L., 1962. – 300 s.
- Ayezov M. Kazahski epos i dorevoliysionnyi folklor. – M., 1994. – 216 s.
- Potantin G.N. V iyrtte poslednego kirgizskogo tsarevica // Valihanov C.C. Sobr. soc. V 5-i tomah. – Almaty, 1968. – T. 4.
- Rayev D.S. Kazaktyn sheshendik oneri: filosofialyq paiimdau. – Almaty, 2001.
- Ybrayev Sh. Epos alemi. – Almaty, 1993.
- Burbayev T. Ult mentaliteti. – Almaty, 2001.
- Moldabekov J. Qazaq halqynyn filosofialyq murasy. – Astana, 2006. – 7 t. – 544 b.